



№ 44
(9743)

2 қараша
сәрсенбі
2022 жыл

Темір

Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. А.БАЙТУРСЫНОВ.



АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

temir.gazet
temir.gazet72@mail.ru

ӘКІМ ТАСҚОПАЛЫҚТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ ЕРМҰХАНҰЛЫ АМАНБАЕВ, БЕКІТІЛГЕН КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС, ТАСҚОПА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУГЕ АУДАНЫҚ МАСЛИХАТ ХАТШЫСЫ Б. ШАИМОВ, БӨЛІМ ЖӘНЕ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ. КЕЗДЕСУДЕН СОҢ АУДАН БАСШЫСЫ АУЫЛДАҒЫ БІЛІМ ОШАҒЫН АРАЛАДЫ.



С. Аманбаев кездесу барысында жарты ғасырлық тарихы бар ауданның ілгерлеуінде үлкен серпін барлығын айтып, 50 жылдық мерейтой аясында әлеуметтік-экономикалық дамуға елеулі үлес қосқаны үшін Б. Көшбаевқа, Н. Адаеваға, А. Бердіғалиеваға, М. Қожақоваға мерекелік төсбелгі табыс етті. Сонымен қатар кездесуде «Ауыл аманаты» жобасы жан-жақты талқыланып, ауылдықтарға жобаның мақсаты мен міндеті, табыс табуын

жолдары түсіндірілді, мұндағы ең басты мақсат – ауыл тұрғындарының табысын, әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыруға көмектесу екендігі сөз етілді.

Кездесу соңында аудан әкімі жыл сайын ауылдың инфрақұрылымын арттыруға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға көңіл бөлініп, алдағы уақытта тұрғындар суранысына орай, тиісті қолдаулар көрсетілетіндігін жеткізді.

Тұрғындармен кездесуден соң С. Аманбаев, Тасқопадағы білім ошағын аралады. Аралау кезінде аудандық білім бөлімінің басшысы А. Әсербаев ағымдағы жылы аталмыш мектеп күрделі жөндеуден өткенін, бүгінде тендерді ұтып алған «Иман» ЖШС мердігер мекемесі құрылыс жұмыстарын толықтай аяқтағанын мәлімдеді.

Аудан әкімі білім ұясының оқу кабинеттерінің, спорт залдың, асхана мен ас әзірлейтін бөліктің жағдайымен танысып, мектептің жылу қазандығын қарап, аталмыш білім ордасының директоры Б. Нұрсұлтановқа қазандықтың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді, операторларға нұсқама беріп отыруды тапсырды. Аталған тапсырманың орындалуын бақылауды аудандық білім бөлімінің басшысы А. Әсербаевқа жүктеді.

ТЕМІР АҚПАРАТ.

АУДАН ӘКІМІ С. АМАНБАЕВ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚАТЫСТЫ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА БАРЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІМЕН АРНАЙЫ ЖИЫН ӨТКІЗДІ.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖИЫН

Жиын барысында аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаев пен аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Е. Жолдығарин аталған жобаны жүзеге асырудың негізгі талаптарын ортаға салып, жобаға қатысуға өтініш білдіргендер арасынан әрбір ауланы өңдеу

жұмыстарында кемшіліктерді атап өтті.

Жиын соңында аудан әкімі ауылдық округ әкімдеріне тұрғындарды халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жобаға кеңінен тарту, сондай-ақ тұрғындарды сапалы скринингтен өткізу мақсатында тұрғындар арасында

жіберілген түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, елді мекеннің әрбір ауласын толық қамтуды тапсырды. Аудан басшысы аталған тапсырмалардың орындалуын бақылауды орынбасары Ж. Қойшыбаевқа жүктеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

БҰЗАҚЫЛАР ЖАЗАЛАНАДЫ

31 ҚАЗАН КҮНІ АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ АМАНБАЕВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӨРТІПТІ САҚТАУ БОЙЫНША АРНАЙЫ ЖИЫН ӨТТІ. ЖИЫНҒА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ Ж. ҚОЙШЫБАЕВ, Н. КӨШЕКБАЕВА, АППАРАТ БАСШЫСЫ А. СИСЕНОВ, АУДАНЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Ж. ИМАШОВ, АУДАНЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ А. ӘСЕРБАЕВ ЖӘНЕ КЕНТ ӘКІМІ Қ. НҰРАЛЫ ҚАТЫСТЫ.



Жиын барысында аудан әкімі демалыс күндері кешкі уақытта «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» атындағы орталық демалыс саябағында жасөспірімдердің жасайтын бұзақылық әрекеттеріне тоқталды. Аталмыш саябақ 25 қазанда, ауданның қайта құрылғанына 50 жыл толуына орай, күрделі жөндеуден кейін ғана ашылған. Бұзақылық әрекеттер, атап айтқанда жасөспірімдердің жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін ретро-саябақ сахнасында жоғары өрмелеу, түнгі шамдарға тартылу, балалар алаңының жасанды көгалына жарылғыш заттар пакеттерін жағу деректері орын алды.

Жиын соңында жауапты басшыларды тыңдаған соң С. Аманбаев, аудандық полиция бөліміне саябақта орын алған оқиға бойынша, қосымша дерек көзі ретінде жасөспірімдердің бейнекамерасына түсірген бейнежазбасы мен фото суреттері арқылы талдау жүргізіп, жасөспірімдердің ата-аналарын арнайы әңгімелесуге шақырып, егер балалар кемелеттік жасқа толмаған болса ата-аналарына айыппұл салу түріндегі заңды жауапқа тартуды, олардың есімдерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ескерту және қоғамдық тәртіпті сақтау



туралы әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирге шығуды, кешкі уақытта саябақта, әсіресе демалыс күндері полиция қызметкерлеріне рейдтік шараларды ұйымдастыруды, аудандық білім бөліміне учаскелік полиция инспекторларымен бірге жасөспірімдердің ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізуді, Шұбарқұдық кентінің әкімдігіне саябақты мемлекеттік органдардың бірлескен іс-қимылдарын үйлестіру үшін нақты мамандарға жүктеуді, әсіресе демалыс күндері қоғам белсенділері арасынан рейд ұйымдастыруды, саябақта бейнекамералар орнатуды және сенімгерлік басқаруға беру форматы бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Осы күні кейбір тұрғындар әлеуметтік желіде саябақта

дәретхананың жоқтығын айтып, бейне жазба жариялаған. Осыған байланысты temir_akparat инстаграм парақшасы, саябақ ішінде су желісімен және тиісті тұрмыстық жабдықтарымен қамтылған арнайы бөлме салынғанын, жалған ақпарат тарату бағытындағы хабарламаларды болдырмау және жолын кесу мақсатында, саябаққа келушілерге санитарлық тораптар бағытына қарай арнайы нұсқаушы белгі орнату тапсырылғанын және аталған тапсырмалардың орындалуын бақылауды аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаевқа жүктелгені хабарланды.

ТЕМІР АҚПАРАТ.

БІЛІМ САЛАСЫ БАҚЫЛАУДА

1 ҚАРАША КҮНІ АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ ЕРМҰХАНҰЛЫ АМАНБАЕВ, КҮН ТӨРТІБІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША МӘЖІЛІС ӨТКІЗДІ. МӘЖІЛІСКЕ АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ Ж. ҚОЙШЫБАЕВ ЖӘНЕ Н. КӨШЕКБАЕВА, АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ БАСШЫСЫ А. СИСЕНОВ, АУДАНЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ А. ӘСЕРБАЕВ ҚАТЫСТЫ.



Мәжіліс барысында А. Әсербаев Темір ауданындағы білім саласының ахуалы туралы баяндады. Аудан әкімі А. Әсербаевқа

2 жасқа толған балаларды толық қамту мақсатында мемлекеттік тапсырыс беру арқылы балабақшалар ашу жұмыстарын

ұйымдастыруды, нормативке сәйкес келмейтін мектептерді сәйкестендіруді, білім беру ұйымдарында дәретханалардың ғимарат ішінде жұмыс жасауын бақылауда ұстауды, Кеңияқ ауылында жаңа мектеп салу бойынша жобалық сметалық құжаттар дайындауды ұйымдастыруды тапсырды. Берілген тапсырмалардың орындалуын бақылау

аудан әкімінің орынбасары Н. Көшекбаеваға міндеттелді.

ТЕМІР ГАЗЕТІ.

«Темір» газетіне жазылу бағамалды

Газетке «Қазпошта» бөлімшелерінде жазылуға болады. Телефоны: 8/71346/ 2-27-09- 2-25-00

индексі	Жазылушылар санаты	6- айға	12 -айға
65524	Жеке тұлғаларға	1999,30	3998,60
66524	Заңды тұлғаларға	3007,84	6015,68
67524	Жеңілдікпен жазылатындарға	1657,78	3315,56



ДЕПУТАТ МЕДАЛЬМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы күні қарсаңында «Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясының мүшесі, аудандық мәслихаттың жетінші шақырылымының депутаты Самарханов Түгел Қуанышұлы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 қазандағы Жарлығымен «ШАПАҒАТ» медалімен марапатталды.

Түгел Қуанышұлы қазірде шаруа қожалығының басшысы. Асыл тұқымды ірі қара мал өсіру, сүт өндірісімен айналысады. Ауданда жұмыс орнын ашу, жаңа өндірістік технологияны дамытуда көпке үлгі болған кәсіпкер. Ауданның түйтілділді мәселесі, өзі тұратын аймақты

газдандыру мен суландыру, сондай-ақ жол жөніндегі ілкімді ұсыныстарымен көзге түсіп жүрген депутатымыздың өлі де алар асуы жоғары.

– Менің мақсатым – тәуелсіз елімде еселі еңбегіммен халыққа қызмет ету, – дейді марапат иесі Самарханов Түгел Қуанышұлы.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



Аудан төрінде - ақындар айтысы

ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛГАНЫНА 50 ЖЫЛ ТОЛУ ҚҰРМЕТІНЕ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ НҰРПЕЙІС БАЙҒАНИН АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙİNДЕ 2022 ЖЫЛДЫҢ 25 ҚАЗАН КҮНІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН АЙТЫСТАҒЫ ЖҰЛДЫЗ ҚОЖАБЕКОВА МЕН ҚАНАТ МЫРЗАХАННЫҢ АЙТЫСЫ

ҚАНАТ МЫРЗАХАН:

Мен едім өлең жығға мерген бала, Кеп тұрмын сахнаға жеңемді ала. Бұл айтыс қыркүйекте өтеді деп, Күтіп еді ел мен дала. Алайда сол уақытта сырқаттанып, Емханада емделді Жүрсін аға. «Менсіз айтыс жасай беріңдер» деп, Ерманов батасын да берген дара. «Сіз сауығып келгенде жасаймыз» деп, Кенбепті Саламаттай көргенді аға. Жүрсін ағам жазылып келді, міне Өздерінің берген ғой батаң дауа. Армысыздар ақының ардақтаған? Темірдің текті жұрты бермен қара! Айтыстың ақсақалын аңсап күтіп, Құрметпен орын берген төрден дара. «Шал кет!» деп айқайлайтын елдер көп қой, Шал келсе қуанатын сендер ғана.

Қызық емес жетеді, Қанаттың жетер жетегі, Жетпей отыр мұнда кеп, Төбем көкке екі елі. Тамыры терең Темірге, Арналын жырдың шекері, Досжан ишан хазірет, Мектеп ашып, қажы боп, Бес парызын өтеді. Жиеналы Би шалым, Білгірі хадис, қиссаның, Медрессе мен мешіт сап, Дінге қызмет етеді. Ербелек пен Сәңкібай, Жауларды қуып көкеді. Жеті піреді мөңгерген, Нұрлөпес атам көтерді. Нұрпейіс атам жырласа, Сүйектен сөзі өтеді. Құдайберген, Ахмет, Жұбановтарға рахмет. Үш Жүзге ортақ өкеуі, Балмұқанов, Бәйішев, Қолында бермен жетеді. Бар қазаққа белгілі, Кереев Жансен атамның, Тұңғыш генерал екені, Тасқопадан табылған, Алтын сауыт кінген, Сарматтардың көсемі. Қысқасы бұл өлкенің, Үш метр қасаң астынан, Сары алтын шығып кетеді. Үш шақырым қасаңыз, Қара алтын шығып кетеді. Алтын деген бұл елдің, Астында да жетеді, Үстінде де жетеді. Жұлдызға бар, Айға бар, Темірдей аудан қайда бар? Аты «Темір» болғанмен, Алтыңға толы мекені!

Темірде айтыс өтіп, сана тірі, Шаттанды ауыл-аймақ, дала, қыры. Тоғызы – еркек кіндік, біреуі – қыз, Келіп тұр Алты Алаштын он ақыны. Арпа ішінде бір бидай – Жұлдыз ғана, Бетте крем, үстінде баба тірі. Тоғыз ақын таласып, бір аруға, Дәмелі боп тұр еді мана түрі. Басқаға емес, Қанатқа жұптап берген, Жүрсін ағам жан еді бар ақылы. Жалғыз қызбен жұпталып мез боп қалдым, Жұрттан бұрын алғандай жалақыны. Жұлдыз жеңгем жазылып маңдайыма, Басыма қонған екен бақ ақыры. Жолы болар жігіттің бірі екенмін, Алдыман жеңгем шықты дара құны. Сегіз жігіт қапы қап бұл Жұлдызды, Қағып алды Тараздың Қанат ұлы. Осыдан-ақ көрініп тұрған жоқ па, Қай ақының жұлдызы жанатыны?

Дегдар қызбен айтысқан Шал ақындай, Жеңгеммен айтысайын «оратордай». Сөзіммен сұлулығын суреттейін, Осы ауданда ұқастық табатындай. Жырлары Досжан ишан бұлағындай, Шөл қандырсаң жаныңа жағатындай. Шаштары Толғанайдың орманындай, Қастары қарлығаштың қанатындай. Екі көзі Шитүбек мұнайының, «Факелі» ұқсап, жарқырап жанатындай. Кеудесі Шұбардағы «Қазақ ауыл», Қырларын есімізге салатындай. Сәні мен салтанаты жарасып тұр, Микрорайон – «Қызылжардың» санатындай.

Сәбитхан ағам өзі баптап отқан, «Фигурасы» Мұғалжар төрі атындай. Қысқасы осы ауданнан айнымайды, Көрген жанның көңілі толатындай. Темірдің музейінен жан екенсің, Жедігер ғып қойуға болатындай.

Ажары атып тұрған таңдай екен, Жанары жанып тұрған шамдай екен. Маңдайы да алақан сыйатындай, Бес елі бақ қонатын маңдай екен. Жұлдыздар түнде ғана жарқыраушы ед, Табиғат заңдылығы сондай екен. Күн жарықта көздің жауын алып отқан, Бұл жұлдыздың қылығы балдай екен. Күндіз жарқырағаны мынау болса, Түнде жарқырағаны қандай екен?

ЖҰЛДЫЗ ҚОЖАБЕКОВА:

Сиқырлы таяқ болса менде егерде, Мен сені қалдырмас ем төмен жерде. Жолын ашып беретін бар ақының, Жоқ бірақ сәуегейлік өнер менде. Жұлдыз көмектеседі деп есітіп не едің, Бақ жұлдызы жанбай жұр дегендерге? Менімен жұп болғанға куанасың, «Жұлдызың жанады» деп сендіргенге. Ол жағы енді ақындық өнеріңмен, Байланысты қазы мен көрерменге, Қазылардан төмен бал алып қалып, Жұлдызың жанбай қалса менен көрме.

Арманның мініп алып белесіне, Қиялдың ересің бе жебесіне? Еш жерімді қалдырмай суреттеген, Қарай гөр, бұл қайынның бәлесіне!.. Суреттеген сөздерің экспонаттың, Ұнамай қап жұрмесін өгесіне. Мазатқап отырса да мен қайыңды, Балаймын жігіттердің төресіне. Мұнысын балалық деп қарайыңшы, Ұмысың отырғанмен жебесіне. Экспонат болайын өзің айтаң, Темірді салып қойсаң сен өсіме. Жұлдыздай жеңешенде арман бар ма, Осы елдің жарап жатсам кәдесіне?!

Сен айтқандай Жұлдызбын бөлкім Аймын, Шабтым келген кезде жарқыраймын. «Түнде жарқырағаның қандай?» дейсің, Мен енді сол ойыңды талқыйлаймын. Түндегі жарқырауға қызықтың ғой, Ойынның дұрыс шығар арты қайным. Бір қызым, бір ұлым бар – от аламын, Жұлдызым жанды екен деп шаңқымаймын. Ерімнің разылығы қымбат маған, Елімінің ұстанамы – салты айбын. Өз жұлдызым жанбасын неғылайын, Халқымың жұлдызы үшін жарқыраймын. Түндегі жарқырауды айта көрме, Күйеуім есітіп қалса қалтыраймын. Күндіз мен жаран үшін жарқырасам, Түнде тек ағаң үшін жарқыраймын.

Кетпесе ұят жұрттан, намыс ұлттан, Қазақты ала алмайды жауызыңдан, Темірім атың темір болғанменен, Алтындай Алты Алашқа бағы шыққан. Тасқопадан табылған «Алтын адам», Бар қазақ тарихымен еткен мақтан. Қара алтын мұнайың бар Шұбардағы, Қырық метр тереңнен әрі шыққан. Алтын басты ерлері бұл өлкенің, Ұлтының қамын ойлап, жаны шыққан. Алтын құрсақ анасы толғатқанда, Тудырған ерлерінің бәрі сырттан. «Алтын Жұлдыз» тағынған Жансен атам, Араннан генерал боп тағы шыққан. Алтын қорытқан музыканың, Ахметтей Алаштың нары шыққан. Алтын дауыс Димаштай алтын жиен, Алты құрлық әрі асып, әні шыққан. Тамыры терең жатқан Темірімнен, Елге керек алтынның бәрі шыққан.

Бұл Қанат алғыр десе, алғыр екен, Айтыстағы жолы да даңғыл екен. Бірақта мамандығы «айтишник», Неліктен басқа жаққа таңды екен? Мамандықты таңдарда шыныменен, «Программист боламын» деп барды ма екен? Өлде: «Сенен мықты программист шығады» деп, Қанатқа біреулер ой салды ма екен? Жоқ әлде орысшаға шоғрақтау боп, Сөзді басқа түсініп қалды ма екен? «Айтишник» дегендегі «айтыс» сөзін, Айтыспенен шатыстырып алды ма екен?

ҚАНАТ МЫРЗАХАН:

Женеше суыңыз сүт, шайыңыз бал, Өзіңе келтірмейді қайын ызғар. «Программист», «айтишник» деп қалжыңдайсыз, Қайынның қалай бұған бойы мұздар. Меңгеріп компьютер мен техниканы, Қазақты дамытатын райымыз бар. АҚШ-та мен секілді программист – Илон Маск деген байымыз бар. Сол кісі деп жатыр ғой: «Жерді қойып, Марсқа қона-тұғын ойымыз бар». Біз – қазақтар Марсқа қызықпаймыз, Аспанда Жұлдыз бенен Айымыз бар. Мен де әлгі Илон Масктен кем емеспін, Маған да бір қол соғып қойыңыздар. Мәсқа ұқсап Марсқа қонбасақ та, Жұлдызға қонып тұрған жайымыз бар.

Бұл жеңгем жаңалықты тағы ашады, «Программист екенсің» деп жанасады. «Айтишник-ақын» болсам айып па екен? Жігіттік жетпіс өнер жарасады. Орманшы болған Қасым Аманжолов, Өлеңде Қасыммен кім таласады? Ал инженер Кәкімбек Сальқовтың, Ақындық таланты мен бағы асады. Осыларды білмесен «филологым», Өзіңе оқу керек шамасы өлі. «Ақын біткен филолог не журналист, Болсын» деген адамдар адасады. Меңгерсе компьютер мен техниканы, Қазақпен бүкіл әлем санасады. Дамытсақ туризм мен медицина, Кемелді келешекке жол ашады. Біз бірақ мамандық боп бөлінебік, Бөлінгенге аранын бәрі ашады. Әр саланы меңгерген азаматтар, Бір-бірін толықтырса да мен қайыңды, Әр қайсы әр мамандық болғанымен, Барлығы бір қазақтың болашағы.

Темірдің әр адамы дүлдүл еді, Жиендері Димаштай бұлбұл еді. Сол Димаштың анасы Светлана, Қопа деген ауылдың тұрғыны еді. Бала жақсы болмағы нағашыдан, Атамнан қалған мақал шындық еді. Жиеннің мықтылығы нағашының – Қандай ел екендігін білдіреді. Димашты күміс көмей әнші қылған, Бұл Темір – әннің елі, жырдың елі! Қопаға жиен болмаса егер Димаш, Нотаға түсе алмас пе ед, кім біледі?

Басынан түспей-тұғын орамалы, Бұл Қанат жеңгесіне орадалы. «Түнде тек ағаң үшін жарқыраймын» деп, Жауабын табан асты жобалады. Облыстық мәслихатта депутатсыз, Қызметте тасың өрге домалады. Депутат жеңгесіне айта-тұғын, Қайыңсының бар «Жұлдыз-жорамалы». Мың жұлдыздың ішінде қай жұлдызың? Жалғайын еңгімемді одан әрі. Айға жақын тұрғандай Шолпан жұлдыз, Ең жақын ел-жұртымың боп адамы. Темірқазық секілді жол көрсетсең, Халықтың жағдайы да оңалады. Әйтпесе жоғарыда басшылар көп, «Құз жолымен» билікке кеп алады. Жетіқарақты секілді қарақты көп, Елді тонап миллионер боп алады. Арттары асылғанда кетеді асып, Құйрықты жұлдызға ұқсап жоғалады. Айтыста жұрмесен да сара қыз боп, Қызметте жүрсіз ғой дара қыз боп. Қайбір жылы Ақтөбені басқармап пе ед, Бердібек Сапарбаев ағамыз көп? Сол жылы Жұлдыз жеңгем ұл босанды, Тойлатып, қаламыз бен даламыз көп. Есімін Бердібек деп қойыпсыздар, «Өскенде өкім болсын баламыз» деп. Тұсауын Сапарбаев кесіп беріп, Өзіңе ұсыныпты дара қызмет. Ал қазір облысқа өкім болды, Ералы Тоғжановтай ағамыз көп. Жеңеше өзіңде не жаңалық, Жүрегің бе таң қалдырар амал іздеп? Ағаммен ақылдасап жатсыздар ма? «Бұйырса тағы бала табамыз» деп. Жұл жолы ұл болса да, қыз болса да, Облыс өкіміне жағамыз» деп. «Ұл болса Ералы деп атын қойып, Қыз болса Тоғжан қоя салармыз» деп.

ЖҰЛДЫЗ ҚОЖАБЕКОВА:

Әулие болмай, ой қайым түсіңі жерге, Ұйықтасаң Марс жайлы түс кіре ме? Шетелдің қаңсығына таңсық болып, Солар түшір десе бұл түшіре ме? Марсың бізге аса қызық емес, Масктың да ұнамсыз ұсқыны елге. Байлар жайлы әңгіме бастамашы, Көп отырсың Темір деген күшті жерге. Бұл жерден Жиенғали жазушы өткен, Ел үшін азамат еді іс білгер. «Көдей» деген газетті шығарыпты, Әр сыпаты ақиқат ұстыны елге. Байларды фельетонмен сынап-түйреп, Титімдей тиген екен ұшқыны елге. Ал сен болсаң Илон байды мадақтайсың, Шабыты сахнада қысты демде. Илонның миллионына тати-тұғын, Елікте Жиенғалидай күштілерге.

Жеңгенді жүрген жандай аңды ерен, Жібердің неше түрлі әңгімеден. Балама Бердібек деп ат берді атам, Ол кісіден ерді көрер – нарды көрер. Мандатты Бекен бергендей-ақ, Бұл Қанат айтып отыр қаңғыл өлең. Сөздеріңе өтірік қоспай сөйле, Ақындық ардың ісі алдыменен. Ішінде бір өтірік жүргеннен соң, Өз құнын жоғалтпай ма барлық өлең?

Бір ойым, бір ойыма жалғанғанша, Аузыңды аңитатын Алдарларша? «Айтишник» екенінді айттың едің, Көп ойды тізіп бердің алуан қанша. Бір жаңалық ашсайшы программистім, Алатауға өртис боп жалданғанша. Дипломмен жұмыс істесін дегенім ғой, Сандыққа салып қойып, сандалғанша. Әйтпесе, Өлеңділеу ақ қайыным-ау, Сенің мамандығыңда шаруам қанша? Заңгердің дипломын қолына ұстап, Құрылыста сенделген жандар қанша!.. Әйтпесе мен де саған жанашырым, Қазақша пайдаң тисе арман қанша! Білімді қолдансаң өз орнына, Театрда есік ашып, қор болғанша.

Өзіңді сыртқа тартып, сатынғанша, Өрелі ой айтаңшы ақынғарша. Орыстар топтап келіп жатқан кезде, Өзіңді ерлер елге шатыр болса. Қанат-ау ерінбестен зерттепсің ғой, Жұлдыз бен Бердібектің атын қанша. Жұтылып кетпейтіндей жағдайды ойлап, Басымды есімдермен қатырғанша. Онсыз да ойын ойлап, той тойладай, Көршілес елдерде оқ атылғанша. Ералы ағамды да мысқылдайсың, Ол кісі өңбек етіп жатыр қанша. «Қыз тұсақ бай боп жатса» деп, Жұлдызға сахнада бақырғанша, «Атаңа қыздың атын беріпті» деп, Әкімге дат айтсаңшы дөтің барса!

ҚАНАТ МЫРЗАХАН:

Дәл қазір дат айтатын сәт емес қой, Жеңге сөзің «шах» пенен «мат» емес қой. Атаңа қыздың атын қойды деген, Дұрыс адамның даты емес қой. Тоқ болсын деп, Тоғжан деп қойған шығар. Ұл болса да, қыз болса да қате емес қой. Саияс қателікті жасамасай, Ондай іс депутатқа жат емес пе-ей? Әкімнің атасының аты деген, Айналайын ойнайтын зат емес қой. Ұнамаса, ауыстырып тастайтуғын, Қала мен партияның аты емес қой.

Келісті жыр құрайын Көненге ұқсап, Жеңгеме арнамайын өлеңді ұсақ. Байларды мақтанды деп бөле жауып, Есімді шығардың ғой енеме ұқсап. Байдың да жақсысы бар, жаманы бар, Тұратын биік пенен төменге ұқсап. Құнанбай да бай болған біле білсең, Абай кедей болмаған көп елге ұқсап. Байлығына мешіт салған Досжан ишан, Әр ісі қалды емес пе кемелге ұқсап. Сәңкібай батыр болған, бай да болған, Дұшпанға атылатын жебене ұқсап. Шұбар деген бай құдық қазған мұнда, Шұбарқұдық тұр соған дәлелге ұқсап. Қырқымбаев Қайраттай бай ағаң бар, Қайнағанға қойсаңшы сәлемді сап. Африканың өзінде құдық қазған, Біз түгіл өлем оған жаяды құшақ. Әр қазақ бай боп жатса несі жаман? Жомарттығы болса болды сайырға ұқсап. Бай десем, байбайлайсың, ойбайлайсың, Бандыны қуып жүрген майорға ұқсап. «Бай» деген сөзді неге жек көресің? Байынан таяқ жеген әйелге ұқсап.

Жеңгемді қоя тұрып қасымдағы, Халыққа жыр арнайын осындағы.

Түлеген Темір деген текті ауданнан, Қазақтың ақ маңдайлы асылдары. Қалмақ қырылған жері тұр ерлігіне, Таңба боп тарихтың тасындағы. Бұл жерде Қарақамыс жәрмеңкесі, Өтіпті он тоғызыншы ғасырдағы. Досжан ишан атының құрмасымен, Жайқалған осы өлкеде жасыл бағы. Қосбадан табылған «Алтын адам», Тасқопа ауылының қасындағы. Мұнайы – қара алтыны жер астында, Бұл балаң таңданысын жасырмады. Аяғының астында алтын жатса, Тәжі қандай болды екен басындағы?

Кірпіштен жырым қалансын, Жыртығы жұрттың жамалсын. Осы тойға кеп тұрмыз, Темір деген ауданның. Тойланып жатқан далам шын, Айналайын ағайын, Атамсың бірін, бірін ағамсың, Жеңемсің бірін, бірін ағамсың. Сіздерді жаман дегеннің, Тіліне тікен қадалсын. Шұбарымның шалдары, Қолына шырақ шам алсын, Темірдің балдары, Басбармақпен бал алсын. Атағы күнде аспандап, Шапаны күнде жаңарсын. Бұл ауданның келіні, Егіздел бала таба алсын. Немерені көбейтіп, Шеберлер таралсын. Саусақпен емес ұрпағың, Калликулаторменен саналсын. Айналайын ағайын, Арта берсін бағаң шын. Аман болып бастарың, Жүзе жетіп жастарың, Қайғыдан емес шаштарың, Қарттықтан ғана ағарсын.

ЖҰЛДЫЗ ҚОЖАБЕКОВА:

Талабы жалқаулардың тау аспайды, Ондайлар босағадан әрі аспайды. Жел сөзді тере беріп неғыламыз, Бай жайлы және қатын-қалаш жайлы? Сен айттың, мен айттың деп отырмайық, Ақын деп шақырғанда Алаш бәйгі. Құрметті темірқазық еткен жандар, Адамды бағытынан адаспайды. Екеуміз бір халықтың басымыз, Өнерде бізге ешкім таласпайды. Ұлылар туған жерге келіп тұрып, Ұсақ сөз айтқанымыз жараспайды.

Халықты құр сөзбенен құрақсытпай, Жүркеткен мағыналы жырлар шықты-ай! Бұл киелі далада бір заманда, Досжан ишан секілді діндар шықты-ай. Құдай беріп қазақтың ғылымына, Құдайберген секілді діндар шықты-ай. Су тәгілес жорғадай Нұрпейістің, Жырлары таң алдында тұнған шықтай. Қазақтың ең алғашқы генералы, Кереевпен биік қой тұлға сыртытай. Темірхандай ұстадың батасын ап, Марат пенен Ершаттай жырлар шықты-ай. Темірден шындығында кім шығады, Төпсе темір уәзітін ұлдар шықпай?

Жаулықтыдан жалғыз боп келді ме әні, Жырыма қансын бүгін ел құмары. Темірдің ұлы түгіл қызы мықты, Табаны тектіліктің тең қылады. Елеусін Сағындықов күйлеу мұнда, Сененүкіктің бірі ғой елге нәрі. Қанат Айтпаев та күйеу бала, Тыңдаса әнін қанатын ел құлағы. Бейсен Құранбек те осыған қыз алыпты, Ондай ерлер тумайды ендігәрі. Темірдің қызын алған сол ағалар, Алшаң басып қадамын тең қылады. Өйткені біздің жақтың арулары, Ерлерін қазыналы кең қылады. Бұл Темірдің қыздары азаматын, Алашқа аты өйгілі ер қылады.

Ауызбен айтыс қылдық аз уақыт, Кетсіңші құлақтарды саз уатып. Қанаттай аппақ қайымын сен де аман бол, Бітпейтін жеңгесіне базынасы көп. Ағайын көріскенше сен де аман боп, Темірдей сабыры алтын төзімі артық. Бұл Темір қасиетті киелі жер, Қойнауы тұнып тұрған қазына көп. Талай мықты ерлерді тудырған ел, Қалады қарағанның көзін ашып. Бұл Темірде туғаның былай тұрсын, Топырағын басқанның өзі бақыт.

ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ С.АМАНБАЕВТЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

(2022 жылдың қараша айы бойынша)


№ т/б	Әкімінің Т.А.Ә.	Лауазымы	Елді мекенінің атауы,орны	Кездесулерді өткізу күні
IV тоқсан				
1.	Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н.	Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі	Ақсай а/о, Ащысай ауылы, медициналық пункт ғимараты, А.Құнанбаев көшесі, 19	10.11.2022 ж., сағ.10.00
2.	Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н.	Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі	Ақсай а/о, Шығырлы ауылы, клуб ғимараты, Ө.Молдағұлова көшесі, 2	10.11.2022 ж., сағ.11.30
3.	Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н.	Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі	Ақсай а/о, Бірлік ауылы, медициналық пункт ғимараты, Бірінші мамыр көшесі, 13	10.11.2022 ж., сағ.14.00
4.	Аманбаев С.Е. Бегимов Е.Н.	Темір ауданының әкімі Ақсай а/о әкімі	Ақсай а/о, Ақсай ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, Төсбулақ көшесі, 4	10.11.2022 ж., сағ.16.00
5.	Аманбаев С.Е. Құдайбергенов Р.Е.	Темір ауданының әкімі Жақсымай а/о әкімі	Жақсымай а/о, Жақсымай бекеті, медициналық пункт ғимараты, Теміржол көшесі, 13	15.11.2022 ж., сағ.10.00
6.	Аманбаев С.Е. Құдайбергенов Р.Е.	Темір ауданының әкімі Жақсымай а/о әкімі	Жақсымай а/о, Шұбарқұдық ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 1	15.11.2022 ж., сағ.11.00
7.	Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А.	Темір ауданының әкімі Кеңестуы а/о әкімі	Кеңестуы а/о, Шитүбек ауылы, мектеп ғимараты, Ербөлек ата көшесі, 2	17.11.2022 ж., сағ.11.00
8.	Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А.	Темір ауданының әкімі Кеңестуы а/о әкімі	Кеңестуы а/о, Қалмаққырған бекеті, мектеп ғимараты, С.Бекниязова көшесі, 37	17.11.2022 ж., сағ.14.00
9.	Аманбаев С.Е. Маясаров Ж.А.	Темір ауданының әкімі Кеңестуы а/о әкімі	Кеңестуы а/о, Қопа ауылы, клуб ғимараты, Саябақ көшесі, 43	17.11.2022 ж., сағ.16.00

Ескерту: әрбір кездесуден кейін жеке қабылдау жүргізіледі.

«Темір ауданы әкімі аппараты» ММ.

«ЕҢБЕГІ ДАСТАН ЖАБАЙ»

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ АҒЫЗЫНА АЙНАЛҒАН ЕКІ МӨРТЕ СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ АТАҒЫН АЛҒАН Ж. БАЛИМАНОВ ТУРАЛЫ АЙТУ, ОНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫНА СЫР ШЕРТУ ӨТЕ ОРЫНДЫ. ОНЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕК ЖОЛЫ ТАЛАЙҒА ҰЛҒИ БОЛҒАН, АЙТА ЖҮРЕТІНДЕЙ ӨРНЕГІ КӨП. ҚАЗАҚТЫҢ МАҢДАЙЫНА ДАРЫҒАН ЖАБАЙ БАЛИМАНОВ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ПАРАҚТАСАҚ, ОЛ ТУРАЛЫ ӨЗБЕК ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ ҚАЙЫПНАЗАР ШОТБАСОВТЫҢ «ЖАБАЙДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ» АТТЫ КІТАПШАСЫНДА БІРҚАТАР ДЕРЕКТЕР ЖАЗЫЛҒАН. БҰЛ КІТАП – ТАМДЫ АУДАНДЫҚ БАСПАСЫНАН 1993 ЖЫЛЫ ЖАБАЙ БАЛИМАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАП ШЫҒАРЫЛҒАН. СОЛ ДЕРЕКТЕРДЕН МӘЛІМЕТ КЕЛТИРЕГЕНДІ ЖӨН КӨРДІМ.



Жабай Балиманов 1893 жылы Ақтөбе өңіріндегі Қарақамыс деген жерде дүниеге келген. Әкесі үш ағайынды болған. Ағасы Жалиман, інісі Сариман. Балиманнан бір ұл, яғни Жабай және бір қыз туған екен. Бірақ ата-анасы жастай дүние салып, апасы Қаймақ екеуі байларға жалданып тіршілік етіпті. Жабай үнемі ат үстінде байдың малын бағыпты, өте қарулы, қайратты, өр мінезді болып өскен. Мал бағып жүрген кезде, бай бұған бір өрескел тапсырма беріп, Жабай оны орындаудан бас тартады. Соған ызааланған мырза мұны жазаламақ болғанда, палуан Жабай ерік бермей мырзаның өзін ат үстінен жұлып алып, өлімші етіп сабап, қашып кетеді.

Жабай сол қашқаннан әуелі Шалқарға, одан Ақмешітке, Ташкентке келіп, қара жұмыс жасап, тіршілік етеді. Алайда, қала тіршілігі көңіліне қонбайды, кең жайлауда малмен тіршілік ету оның көңіліне жақын еді. Сөйтіп жүргенде қазақтар тұратын Тамдыға келіп, сондағы азаматтардың көмегімен Бесапан деген жерде бір байдың малшысы болады. 1925 жылы Тамды аудан

болып құрылады. Жабай мал бағып, колхозға мүше болады. 30-жылдардың бас кезінде осы ауылдың Базар деген қызымен бас қосады.

1950 жылдары сапалы қаракөл елтірісін беретін қой басын өсіруге Өзбек мемлекеті ерекше мән беріп, ел экономикасына үлкен үлес қосқан болатын. 1951 жылы, ішінде Жабай Балиманов та бар, бір колхоздан төрт шопан кеуделеріне «Алтын Жұлдыз» тақты. Ал, 1958 жылы Тамды ауданының «Ақтау» колхозынан аға шопан Ж. Балиманов екінші рет Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Жабай КСРО Жоғарғы Кеңесіне екі рет, Өзбек КСР Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат болып сайланды. БүкілОдақтық Халық Шаруашылығы Жетістіктері Көрмесіне 6 рет қатысып, 3 алтын 3 күміс медальға ие болды.

Ер Жабай 1966 жылы 6 тамызда 73 жасында дүниеден өтті. Балиманов есімін мәңгі сақтау мақсатында Ташкентте, Бұқарада, Тамдыда көшелерге оның есімі берілді. Өзі еңбек еткен Ақтау колхозының атын өзгертіп, Ж. Балиманов атындағы шаруашылық деп атады. Орта мектеп, кітапхана, Ж. Балиманов атындағы музей де ашылды. Ж. Балиманов атындағы жүзде ең үздік малшыға тапсырылатын болды.

Аққибат ТАЙҰСТАРҚЫЗЫ, аудандық музейінің экскурсия жүргізушісі.

қысқасы, иә бүтін бір жұрттың, яки жұрттың бүтін бір табының сыр-сипатын сөзбен суреттеп, алдыңнан өткізеді».

Қазіргі әдебиеттанудың өзінде романның ішкі тереңдігін осылай ашып берген еңбектер жоқтың қасы. Оның үстіне, «Әдебиет танытқыштағы» терминдер түгелдей қазақ тілінде. Осы жерде Ахмет Байтұрсынұлы романда неге «ұлы» деген атау берді деген заңды сұрақ туындайды. Әрине, егер ғалым эпикалық түрге тек қана оның көлемі мен семантикалы астарының әрқилылығынан келген болса, онда мәселе басқалай болар еді. Немесе жоғарыда айтқанымыздай, хронотоптық қағидаы ұстанса, онда бұл ұлы әңгіме емес, неге өте ұзақ әңгіме деген атау алмады. Біз бұл жердегі қарабайыр болжамды ғылыми негізі бар деуден аулақпыз. Мәселенің ауданы уақытқа қатысты болған соң, сол ұстанымды соңына дейін қарастыру тұрғысынан ғана айтылған ой бұл. Себебі эпикалық түрлерге атау бергенде біз Байтұрсынұлының «...олардың бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір» деген сөзін алға тартып, арнайы романға қатысты неге «ұлы» деген атауды қолайлы көргенін айту. Ол туралы жауаптың шетін де сол «Әдебиет танытқыштан» табамыз: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне келіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірі-уақты істері болғандықтан, ол істер бір-біріне ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осылардың бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару кең жазушылардың қолынан келе бермейді. Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек».

Иә, бұл мақалада «қаламынан тамған бал, халқына ем болудан айнымаған» Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінің бір қырын ғана сөз еттік. «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақ халқының өмірлік сөз өнеріндегі бесаспап теориялық еңбек ретінде де, жеке құндылық деңгейіндегі мұра ретінде де өлі де толыққанды зерттеуді қажет етеді. Себебі мұнда ондаған салалық тақырыптар терең синтезбен берілген. Ол синтездердің негізі әрбір саланың маманын талап етеді. Сондықтан еңбектегі барлық тарауларға кәсіби маман ретінде бару мүмкіндігі болмағаны өз-өздігінен түсінікті жайт. Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабы – асыл сөздің қасиеттерін дөп басқан ұлы еңбек.

«Ұлы әңгіме шығарушылар (романшылар) роман жазғанда, тақырыпты не өз заманындағы тұрмыс сарынынан алады, не өткен замандағы тұрмыс сарынынан алып жазды немесе алдағы заманның сарынынан болжап жазды. Роман алған замандағы тұрмыс сарынын көрсеткенде, сондағы адамдардың – үлкені, кішісі бар, жақсысы, жаманы бар, байы, кедейі, төресі, қарасы бар, жасы, кәсібі бар – не істейді, не іздейді, не тілейді, неге сүйеніп, неге күйінеді, неден именеді, неден күйзеледі, нені жақтырады, неден жиренеді, неге құмар, неге сұлық,

өзі ғалымның барынша синтездеп кез-келген пікірдің ғылыми негізін ғана беруді мақсат еткенін көрсетеді. Осылайша сөздің асылы жай нәрсе емес, өмір мен өнердің мәніне бойлайтын ерекшелігі бар екенін алға тартып отыр. Одан бөлек: «Асыл сөздің белгісі көбіне мәңгілік мәселелерді қозғауымен ерекшеленеді» дегенді кітаптың бірнеше жерінен кездестіреміз. «Әдебиеттің құндылығы да – сол» дегенді алға тартады.

Асыл сөздің бір түрі роман болса, (Ақан оны «Ұлы әңгіме» деп атайды) оның да өзіндік шарттары бар. «Әдебиет танытқышта» ол төмендегіше тұжырымдалған: «Ұлы әңгіменің мақсаты көптің өмір сарынын суреттеп көрсету болғандықтан, бұл туралы шығармаларда адамның да, уақиғаның да ұлысына, ұсағына бірдей назар салынады. ...Ұлы әңгіме тұрмыс тілі, өмір жүзіндегі «ұлы-кіші ғамалдар, «ұлы-кіші уақиғалар қалай бір-біріне оралып, шиеленісіп, байланысып, ұйысып, ұшы қайдан басталып, қайдан барып тоқтайтынын мысалмен көрсеткен секілдендіріп алдына әкеліп, түрлі жолмен, бағытпен байланыстырады, шиеленістіреді. Шиеленістіре барып, немен тынатындығын көзге көрсетеді» деп, ұлы әңгіменің құлашы кең, бірақ соның есесіне күрмеуі де күрделі жанр екенін ескертеді. Сөйтіп бірден сөз өнері жүйесіндегі романның салмағын айқындап, оған бөлекше талап қояды. Ұлы әңгімені асыл сөздің ең бір сүбелі, мағыналық тұрғыдан терең түрі екенін дәлелдеп береді.

«Ұлы әңгіме шығарушылар (романшылар) роман жазғанда, тақырыпты не өз заманындағы тұрмыс сарынынан алады, не өткен замандағы тұрмыс сарынынан алып жазды немесе алдағы заманның сарынынан болжап жазды. Роман алған замандағы тұрмыс сарынын көрсеткенде, сондағы адамдардың – үлкені, кішісі бар, жақсысы, жаманы бар, байы, кедейі, төресі, қарасы бар, жасы, кәсібі бар – не істейді, не іздейді, не тілейді, неге сүйеніп, неге күйінеді, неден именеді, неден күйзеледі, нені жақтырады, неден жиренеді, неге құмар, неге сұлық,

«СӨЗ ӨНЕРІНЕН ЖАСАЛЫП ШЫҒАТЫН НӘРСЕНІҢ ЖАЛПЫ АТЫ ШЫҒАРМА СӨЗ, ОЛ АТЫ ҚЫСҚАРТЫЛЫП КӨБІНЕСЕ ШЫҒАРМА ДЕП АЙТЫЛАДЫ. АУЫЗША ШЫҒАРҒАН СӨЗ БОЛСЫН, ЖАЗЫП ШЫҒАРҒАН СӨЗ БОЛСЫН, БӘРІ ШЫҒАРМА БОЛАДЫ. ШЫҒАРМАНЫҢ ТҮРЛЕРІ ТОЛЫП ЖАТЫР. ОНЫҢ БӘРІН ШУМАҚТАП БІР-АҚ АТАҒАНДА АРАБША ӘДЕБИЕТ, ҚАЗАҚША АСЫЛ СӨЗ ДЕЙМІЗ». ҰЛТ ҰСТАЗЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ 1926 ЖЫЛ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНАН ЖАРЫҚ КӨРГЕН «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІНДЕ ОСЫЛАЙ ДЕЙДІ. АСЫЛ СӨЗДІҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ? ОЛ НЕСІМЕН АСЫЛ? АСЫЛ СӨЗ ҒАНА ӘДЕБИЕТ БОЛСА, ОНДАЙ ӘДЕБИЕТТІҢ МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ? АСЫЛ СӨЗ ТЕРМИНІНЕ ҰЛТ ҰСТАЗЫ ҚАНДАЙ МӘН ЖҮКТЕП ОТЫР? СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ӨНІМДЕРІ (КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ, ТЕАТР, КИНО Т.Б.) АЛЫП ИНДУСТРИЯҒА АЙНАЛҒАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА ОСЫ САУАЛДАРҒА ЖАУАП ІЗДЕУ АСА МАҢЫЗДЫ.

Байтұрсынұлы ЕҢБЕГІНІҢ БІР ҚЫРЫ

Соңғы екі ғасырда «Әдебиет дегеніміз не?» деген сауалға байланысты жасалған тұжырымдар жеткілікті. Көбінің жауабы: «Әдебиет – ойдан шығарылған сөз», «Әдебиет жүйелі реттілік сөз» тағы сол тәрізді әдебиеттің шартты белгілеріне қарай айтылған анықтамалар. Ал Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерінің бір парасы саналатын әдебиет сөзінің ауқымын өте кең шеңберде ашып берді. Ол адамның жан азығына айналмаған сөзді әдебиетке жатқызады. «Әдебиет танытқыш» сынды кешенді теориялық еңбек жайлы айтуға негізден тыйым салынғанын осыдан-ақ ұғуға болады.

Әдебиетті асыл сөз деп түпкі араб тіліндегі мәніне байлаған Ахмет Байтұрсынұлының асыл еңбегі ол кездегі жүйеге тиімсіз болды. Біз білетін көп қолданыстағы әдебиет (litteratura – жазылған, littera – әріп сөзінен келіп шығады) түсінігін «ақындық өнер», «поэзия» түсініктерінің орнын алмастырып келгені белгілі. Байтұрсынұлының бұл жерде асыл сөздің баламасы ретінде айтқан: «Арабша – әдебиет, қазақша – асыл сөз дейміз» деуі де тегін емес. Себебі бұл терминдердің таза мағыналық өлшемін таразылағанда, асыл сөзге жақын болып шығатыны латын нұсқасынан гөрі араб тіліндегі нұсқасы екені тайға таңба басқандай айқын. Түбірі – әдеп, көркем мінезді иемдену, әдептілік, әдепті сөйлеу, сұлу сөйлеу т. б. мағыналарды білдіреді. Осы мағыналардың барып тірлеу шыңы асыл сөзден мүлде алыс емес. Мағыналық жағынан «литерадан» гөрі әдебиеттің, яғни «асыл сөздің» шеңбері кең болып тұр. Демек адамға, оқырманға қажеттісі – сөздің асылы ғана. Қазіргі әдебиеттегі былайып сөздің өзін өнер деп ұғынып жүргендер сөз өнерінің түпкі мақсатынан

бейхабар екені осыдан мәлім болады. Байтұрсынұлы түсінігіндегі асыл сөз бен өнерді өз ыңғайына қарай әдепсіздікке пайдаланып жүргендер – мүлдем керісінше жүйелі реттілік сөз» тағы сол тәрізді әдебиеттің шартты белгілеріне қарай айтылған анықтамалар. Ал Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерінің бір парасы саналатын әдебиет сөзінің ауқымын өте кең шеңберде ашып берді. Ол адамның жан азығына айналмаған сөзді әдебиетке жатқызады. «Әдебиет танытқыш» сынды кешенді теориялық еңбек жайлы айтуға негізден тыйым салынғанын осыдан-ақ ұғуға болады.

Әдебиетті асыл сөз деп түпкі араб тіліндегі мәніне байлаған Ахмет Байтұрсынұлының асыл еңбегі ол кездегі жүйеге тиімсіз болды. Біз білетін көп қолданыстағы әдебиет (litteratura – жазылған, littera – әріп сөзінен келіп шығады) түсінігін «ақындық өнер», «поэзия» түсініктерінің орнын алмастырып келгені белгілі. Байтұрсынұлының бұл жерде асыл сөздің баламасы ретінде айтқан: «Арабша – әдебиет, қазақша – асыл сөз дейміз» деуі де тегін емес. Себебі бұл терминдердің таза мағыналық өлшемін таразылағанда, асыл сөзге жақын болып шығатыны латын нұсқасынан гөрі араб тіліндегі нұсқасы екені тайға таңба басқандай айқын. Түбірі – әдеп, көркем мінезді иемдену, әдептілік, әдепті сөйлеу, сұлу сөйлеу т. б. мағыналарды білдіреді. Осы мағыналардың барып тірлеу шыңы асыл сөзден мүлде алыс емес. Мағыналық жағынан «литерадан» гөрі әдебиеттің, яғни «асыл сөздің» шеңбері кең болып тұр. Демек адамға, оқырманға қажеттісі – сөздің асылы ғана. Қазіргі әдебиеттегі былайып сөздің өзін өнер деп ұғынып жүргендер сөз өнерінің түпкі мақсатынан

бейхабар екені осыдан мәлім болады. Байтұрсынұлы түсінігіндегі асыл сөз бен өнерді өз ыңғайына қарай әдепсіздікке пайдаланып жүргендер – мүлдем керісінше жүйелі реттілік сөз» тағы сол тәрізді әдебиеттің шартты белгілеріне қарай айтылған анықтамалар. Ал Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерінің бір парасы саналатын әдебиет сөзінің ауқымын өте кең шеңберде ашып берді. Ол адамның жан азығына айналмаған сөзді әдебиетке жатқызады. «Әдебиет танытқыш» сынды кешенді теориялық еңбек жайлы айтуға негізден тыйым салынғанын осыдан-ақ ұғуға болады.

Әдебиетті асыл сөз деп түпкі араб тіліндегі мәніне байлаған Ахмет Байтұрсынұлының асыл еңбегі ол кездегі жүйеге тиімсіз болды. Біз білетін көп қолданыстағы әдебиет (litteratura – жазылған, littera – әріп сөзінен келіп шығады) түсінігін «ақындық өнер», «поэзия» түсініктерінің орнын алмастырып келгені белгілі. Байтұрсынұлының бұл жерде асыл сөздің баламасы ретінде айтқан: «Арабша – әдебиет, қазақша – асыл сөз дейміз» деуі де тегін емес. Себебі бұл терминдердің таза мағыналық өлшемін таразылағанда, асыл сөзге жақын болып шығатыны латын нұсқасынан гөрі араб тіліндегі нұсқасы екені тайға таңба басқандай айқын. Түбірі – әдеп, көркем мінезді иемдену, әдептілік, әдепті сөйлеу, сұлу сөйлеу т. б. мағыналарды білдіреді. Осы мағыналардың барып тірлеу шыңы асыл сөзден мүлде алыс емес. Мағыналық жағынан «литерадан» гөрі әдебиеттің, яғни «асыл сөздің» шеңбері кең болып тұр. Демек адамға, оқырманға қажеттісі – сөздің асылы ғана. Қазіргі әдебиеттегі былайып сөздің өзін өнер деп ұғынып жүргендер сөз өнерінің түпкі мақсатынан

бейхабар екені осыдан мәлім болады. Байтұрсынұлы түсінігіндегі асыл сөз бен өнерді өз ыңғайына қарай әдепсіздікке пайдаланып жүргендер – мүлдем керісінше жүйелі реттілік сөз» тағы сол тәрізді әдебиеттің шартты белгілеріне қарай айтылған анықтамалар. Ал Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерінің бір парасы саналатын әдебиет сөзінің ауқымын өте кең шеңберде ашып берді. Ол адамның жан азығына айналмаған сөзді әдебиетке жатқызады. «Әдебиет танытқыш» сынды кешенді теориялық еңбек жайлы айтуға негізден тыйым салынғанын осыдан-ақ ұғуға болады.

бейхабар екені осыдан мәлім болады. Байтұрсынұлы түсінігіндегі асыл сөз бен өнерді өз ыңғайына қарай әдепсіздікке пайдаланып жүргендер – мүлдем керісінше жүйелі реттілік сөз» тағы сол тәрізді әдебиеттің шартты белгілеріне қарай айтылған анықтамалар. Ал Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерінің бір парасы саналатын әдебиет сөзінің ауқымын өте кең шеңберде ашып берді. Ол адамның жан азығына айналмаған сөзді әдебиетке жатқызады. «Әдебиет танытқыш» сынды кешенді теориялық еңбек жайлы айтуға негізден тыйым салынғанын осыдан-ақ ұғуға болады.

Жаңа кітаптармен толықты

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ. К. ТОҚАЕВТЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРТІНШІ ОТЫРЫСЫНДА БЕРГЕН 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕКТЕП КІТАПХАНАЛАРЫН ДАМУ ТУРАСЫНДАҒЫ ЖОЛ ҚАРТАСЫНА ОРАЙ, ОҚЫРМАНДАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН, ОҚУ МӘРТЕБЕСІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚУДЫ НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДАҒЫ «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ.



Сондай-ақ, Президент тапсырмасын жүзеге асыру үшін «Оқуға құштар мектеп» жобасында электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапханалардың кітап қоры жаңаланып, толықтырудың аса маңызды міндет екендігі атап өтілген болатын. Сондықтан «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасының негізгі қоры 2021-2022 оқу жылы «Атамұра», «Алаш мұрасы» баспапары және «Жетінші сөз» сериясымен «Мектеп» баспасынан шыққан 340 дана, 2022-2023 оқу жылы «Атамұра», «Алаш мұрасы» баспапарының және «Мазмұндама» қоғамдық қорының

ұсынған барлығы 117 дана көркем әдебиеттерімен және балалар әдебиеттерімен толықтырылды. Бүгінде мектеп кітапханасының оқырмандары, жаңадан келіп түскен көркем әдебиеттерге қызығушылық танытып, оқып танысауда.

«Артық білім кітапта» демекші, болашақ ұрпағымыз білімді де рухани бай болуы үшін кітап оқуға шақырамыз!

Ф. Ж. КЕНЖЕБЕКОВА,
№3-ші Шұбарқұдық жалпы орта білім беретін мектебінің кітапханашысы.

«ҒАЖАЙЫПСТАНҒА САЯХАТ»

КІТАПХАНА – БҰЛ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР, ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМГЕ АЛЫП БАРАТЫН ЕСІК. КІТАПХАНА – РУХАНИ НӘР АЛАТЫН КЕРЕМЕТ ОРЫН. САРЫКӨЛ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІНДЕ 1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КІТАПХАНА ӨМІРІМЕН ТАНЫСТЫРУ, ОЛАРДЫҢ КІТАПҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРЫП, КІТАПТЫ КҮТІП ҰСТАУҒА ҮЙРЕТУ МАҚСАТЫНДА, «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА, «ҒАЖАЙЫПСТАНҒА САЯХАТ» АТТЫ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

1-сынып оқушыларына мектеп кітапханасындағы «Bookcrossing» алаңы, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы туралы көрсетіліп, таныстырылды. Сондай-ақ, кітапханадағы «Ертегілер әлеміне саяхат» жасалып, 1-сынып оқушысы Мұрат Мариям Қанатқызы өзінің ең сүйікті ертегісін айтып берсе, 5-сынып оқушылары «Шалқан» ертегісі туралы сахналық көрініс қойды. Мұнда қойылмағанды қайыпкерлер ролына еніп, артистік қабілеттерін көрсетті. Қойылым соңында, «Шалқан» ертегісіндегі атайдың еңбегінің жемісін көрсетіп, балаларға тәттілер таратылды.

1-сынып оқушылары «Ғажайыпстанға саяхат» шарасынан мол әсер алып, кітап – мәңгі де сенімді дос екенін ұғынды және кітапты көп оқитын оқырмандар қатарына қосылды.

Н. Ж. ҮМБЕТ,
Сарыкөл ЖОББМ-нің кітапханашысы.

БАЙҒАУДА ҮЗДІК БОЛДЫ



«Республика күні» мерекесі қарсаңында Ақтөбе қаласында өткен 8-15 жас аралығындағы «Өнер қырандары-2022» Балалар өнер байқауына қатысқан Шұбарқұдық музыка мектебінің ұстазы Тәжібай Ердәулет Ермұханұлының домбыра сыныбының оқушылары Бижан Ерасыл Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындап, І-ші орынды жеңіп алса, Қайсар Нұрасыл «Айжан қыз» атты халық күйін орындап, дипломмен марапатталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына байланысты кандидаттардың Темір ауданы бойынша сайлаушылармен кездесу орындары (үй-жайлары) туралы АҚПАРАТ

№	Сайлаушылармен кездесу орны, мекен жайы
1.	Ақсай ауылдық Мәдениет үйі Ақсай а., Төсбұлақ көшесі, 4
2.	Алтықарасу ауылдық Мәдениет үйі, Алтықарасу а., Қарабас көшесі, 12
3.	Қайыңды ауылдық клубы Қайыңды а., Мектеп көшесі, 6
4.	Кеңқияқ ауылдық Мәдениет үйі, Кеңқияқ а., Парк көшесі, 9 Б
5.	Қопа ауылдық клубы, Қопа а., Саябақ көшесі, 43
6.	Тасқопа ауылдық клубы, Тасқопа а., Мектеп көшесі, 20
7.	Темір қалалық клубы, Темір қ., С.Бәйішев көшесі, 6
8.	Темір аудандық Н.Байғанин атындағы Мәдениет үйі, Шұбарқұдық кенті, Н.Байғанин көшесі, 3
9.	Жақсымай ауылдық клубы, Шұбарқұдық ауылы, Мектеп көшесі, 1Б
10.	Шұбарши ауылдық клубы, Шұбарши кенті, Геолог көшесі №25А

Темір ауданы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары туралы АҚПАРАТ

№	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар, мекен жайы
1	Ақсай ауылы, Төсбұлақ көшесі №4, Мәдениет үйі ғимаратының алдында орналасқан стенді
2	Алтықарасу, Қарабас көшесі №12, Мәдениет үйі ғимаратының алдында орналасқан стенді
3	Құмқұдық ауылы, Мектеп көшесі №6, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді
4	Кеңқияқ ауылы, Парк көшесі №9 Б, Мәдениет үйі ғимаратының алдында орналасқан стенді
5	Қопа ауылы, Саябақ көшесі №43, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді
6	Саркөл ауылы, Мектеп көшесі №32, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді
7	Тасқопа ауылы, Мектеп көшесі №20, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді
8	Темір қаласы, Сақтаған Бәйішев көшесі №6, Қалалық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді
9	Шұбарқұдық кенті, Нұрпейіс Байғанин көшесі №3, «Н.Байғанин атындағы Темір аудандық мәдениет үйі» МКҚК ғимаратының алдында орналасқан стенді
10	Шұбарқұдық кенті, Нұрпейіс Байғанин көшесі №15/3, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалы» Халыққа қызмет көрсету бойынша Темір аудандық бөлімі ғимаратының алдында орналасқан стенді (келісім бойынша)
11	Шұбарқұдық кенті, Депо көшесі № 2 А, Шұбарқұдық айналым пайдалану локомотив депосы ғимаратының алдында орналасқан стенді (келісім бойынша)
12	Шұбарқұдық ауылы, Мектеп көшесі № 1 Б, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді
13	Шұбарши кенті, Геолог көшесі №25А, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді
14	Шығырлы ауылы, Әлия Молдағұлова көшесі №2, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді

«Темір ауданы әкімі аппараты» ММ.

«АЙБЫНДЫ ЖАСТАР – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІРЕГІ»

«АЙБЫНДЫ ЖАСТАР – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІРЕГІ» ДЕСЕК, СОЛ ӨСКЕРИ ҚАРУЛЫ ҚҰШТЕРГЕ ЖАСТАРДЫ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНАН ДАЯРЛАЙТЫН АӘД ПӘНІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ОТАНЫМЫЗҒА ЛАЙЫҚТЫ ҚОРҒАУШЫ ЖАУЫНГЕР БОЛУ – КҮРДЕЛІ ІС. СОНДЫҚТАН, ӨРБІР ЖАСӨСПІРІМ МЕКТЕП ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАҒАННАН БАСТАП, ӨЗІН ӨСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЙЫНДАУЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ОНЫҢ ХАЛҚЫ АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫН ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҰҒЫНУЫ ТИІС.

«Айбынды жастар – Жаңа Қазақстанның тірегі» десек, сол әскери қарулы құштерге жастарды мектеп қабырғасынан даярлайтын АӘД пәні болып табылады. Отанымызға лайықты қорғаушы жауынгер болу – күрделі іс. Сондықтан, әрбір жасөспірім мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, өзін әскери қызметке дайындауы, Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы азаматтық борышын жауапкершілікпен ұғынуы тиіс.

Темір ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскерден тыс жұмыстар бойынша қызметкері Р. Балдаирова аудан орталығындағы Ж.Кереев атындағы жалпы орта білім беру мектебі, Шұбарқұдық гимназиясы, №1-ші Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы бойынша «Айбынды жастар – Жаңа Қазақстанның тірегі» атты әскери-патриоттық акциясы аясында ерлік сабағын өткізді. Сабақ барысында жастарды әскери-патриоттық тұрғыда тәрбиелеу жолындағы отанға сүйіспеншілік, әскери оқу орындарына қол жеткізу мүмкіндігі туралы үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, оқушыларға Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерінің қару-жарақ түрлері, құрлық әскерлері мен әуе қорғаныс күштері техникаларының мүмкіндіктері видеоролик арқылы таныстырылды және әскери оқу орындары туралы бейнероликтер көрсетіліп, буклеттері таратылды, әскери мамандық таңдауда сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, Темір ауданының ҚРЖБ бастығы полковник Ж.Жаманбалин те аудан орталығындағы №3-ші және №4-ші Шұбарқұдық жалпы орта білім беру мектептерінде, «Айбынды жастар – Жаңа Қазақстанның тірегі» атты әскери-патриоттық акция аясында, «Отанды қорғау – сенің азаматтық борышың» атты ерлік сабағына қатысты. Мұнда да жастарды әскери-патриоттық тұрғыда тәрбиелеу жолындағы Отанға, халқына, елге сүйіспеншілік, әскери оқу орындарына қол жеткізу мүмкіндігі туралы үгіт-насихат айтылып, болашақта әскери қызметін өтеген үздік әскери қызметшілерге запасқа шығарылғаннан кейін жоғары оқу орындарында тегін оқу туралы мүмкіндіктер қарастырылғаны. Отанды қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындау – ең маңызды конституциялық міндет екені жеткізілді.

Р. БАЛДАИРОВА,
Темір ауданының ҚРЖБ қызметкері.

*Қазақ қаиан
да әзіл сөзге ұста халық, Тауып айтқан сөз
қауып айтқан сөзге қарағанда әлде қайда әсерлі. Өз орталықта
әр кездерде кездескен орамды ойлардан құралған езу тартарларды «Деген
екен»... айдарымен оқырманға ұсынып отырмыз.*

Ет пен вермишель

1992-1999 жылдары Темір ауданында Әбішев Болат Әлімбаевтің өкімі болып қызмет жасады. Ұзақ жылдар басқару саласында қызмет жасаған Бөкеннің бойы сұңғақ емес болатын. Ол кісінің ретті жерінде әзілдеп, әзіл-қалжыңды көтере де білетін жақсы қасиеті бар еді.

Бірде, аудан әкімі жанындағы коллегия отырысында кезекті әскерге шақыру науқанының қортындысы қаралады. Отырыста басқалармен бірге, өзінің құрдасы, сол кездегі «Қазақтелекомның» бастығы, ол да бойшаң емес Дәндібаев Берік, ауданның бас дәрігері, марқұм Ерсайын Балбосынұлы да бар болатын. Күн тәртібіндегі мәселе – Тасқопа ауылдық округынан шақырылған жастардың жартысының бойлары нормаға сәйкес елмегендіктен және салмағы да тым жеңіл болғандықтан, әскерге алынбай, шақырылғандардың санын толтыру жоспары орындалмай қалу қауіпі төніп тұрғы екен. Бөкен округ әкімін тұрғызып қойып, ұрысыпты дейді.

– Ауылдарын өзеннің жағасына жайғасқан. Сонда да бау-бақша, егін екпейсіңдер. Жастар көкеніс, жеміс-жидек жеп өсу керек. Тек ет пен вермишель жеген баланың бойы өсе ме, салмағы арта ма?! – дей келіп, сонда отырған бас дәрігерден: «Ерсайын Балбосынұлы, айтыңызшы, дұрыс па менің айттып тұрғаным?» десе керек.

– Дұрыс емес Болат Әлімбаевтің, егер бала өзінің дәстүрлі тамағы – ет пен вермишельге тойып жүрсе, ағзасы қажет дәрумендерді алады, – депті бас дәрігер.

Бас дәрігерден мұндай жауапты күтпеген әкім: «Е-е, солай ма? Біз – Дәндібаев екеуіміз ет пен вермишельге жарымай қалған екенбіз ғой» деген екен...

«ҚҰНАН ОРЫСТЫҢ ҚЫЗЫ ҒОЙ»

Сол Болат Әбішевтің әйелі орыстың қызы болатын. 1999 жылы Б. Әбішев Мәжіліс депутатына кандидат болып ұсынылып, сайлаушылармен кездесуге Байғанин ауданына барады. Бір кездесудің үстінде ақсақалдар: «Болат, айналайын, келін не ел?» деп сұраса, Бөкен: «Құнан орыстың қызы ғой» дей салыпты. Ақсақалдар: «Ө, өзіміздің бала екен ғой» деп мәз болыпты дейді...

ТОҢЫП ҚАЛАСЫНДАР, АЙНАЛАЙЫНДАР...

1996 жыл болу керек, еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақылар 5-6 айлап төленбей, ұн мен вермишель, қара сабын қат болған бір қиын кезеңде ел арасына: «Шалқар мен Ембінің әйелдері темір жолға шығып, пойыздарды жүргізбеген соң, соларға зейнетақы, жәрдемақыларын тікұшақпен апарып беріпті» деген әңгіме тарайды. Қаңтардың сондай бір қақаған күнінде Шұбарқұдықтың 20-25 шақты әйелі Темір ауданының әкімі Әбішевке келіп: «Біз де теміржолға шығамыз, пойыздарды тоқтатпаңыз» деп айқайға басқан ғой.

Сонда Әбішев жағдайды шамасы келгенше түсіндіре келе: «Сендер Шалқар мен Ембіге ермендер, олар тоғыз жолдың торабында отыр, ол жолмен тәулігіне ондаған пойыз өтеді. Ал біздің темір жолмен қазір тәулігіне 1-2 пойыз жүр ме, жұрмей ме, ол да белгісіз. Шығамын десеңдер өздерің біліңдер, егер пойыз келмей қалса, тоңып қаласындар ғой, айналайындар...» деген екен...

ОНДАЙ БАТЫРЛАРДЫ БІЛЕМІН

Сондай қиын кездің тағы бірінде аудан әкімі Б. Әбішев тұрғындарды жеке сұрақтарымен қабылдап жатыпты. Белмеге қысылып, аяғын елтеп басып, бір орыс келіншек кірген. Әкім: «Проходите, садитесь, слушаю вас» деп столға шақырады. Әйел таза қазақ тілінде: «Аға, мен орыстың қызымын, қазақ жігітке тұрмысқа шығып өдім...» деп үндемей қалды.

Сонда, әкім өзінің орыс қызы екенін меңзегендей: «Айта бер, айта бер, ондай батырларды мен өте жақсы білемін» деген екен...

СІЗДІ СҰРАҚ ҚОЮҒА ҚҰҚЫҢЫЗ ЖОҚ

2002 жылдың қысында аудан әкімі А. А. Мырзалин Шұбарши кентіне барып, сол жердегі мектептің бір бөлмесінде тұрғындармен кездесу өткізіп, әлеуметтік-экономикалық жағдаймен таныстырып, сұрақтарға жауап беріп жатыр. Ол кезде де жағдай әлі жақсарып кете қоймаған болатын. Әкімге сұрақ көп.

Бір кезде біз танымайтын бір шынашақтай шал орнынан шірене көтеріліп, қалтасынан қойын дәптерін суырып: «Әкім мырза, менің сізге қоятын 17 сұрағым бар, соған жауап беріңіз» деп әңгімесін бастай бергенде, Ахат Ахметұлы: «Ақсақал, мен Сізді танымадым ғой, қайдан көшіп келдіңіз?» депті.

- Шалқардан.
- Көшіп келгеніңізге қанша болды?
- Алты ай.
- Онда бір жылға дейін Сіздің сұрақ қойуға құқыңыз жоқ.
- Онда жарайды, – деп ақсақал орнына отыра кеткен екен...

ӨНДІРІСТІ ТОҚАТПА

90-жылдардың қиын кездерінде Шұбарқұдық кенттік округының әкімі болып Оспағамбетов Кепжасар деген азамат қызмет жасады. Көбекең ақын, бірнеше өлең кітаптары жарық көрген, сөйлей де алатын, тыңдай да білетін адам еді. Бірде кент тұрғындарымен кездесу өтіп, ашынған адамдар ара-арасында қисық сұрақтарды да қойып жатыр. Бір кезде бір әйел орнынан тұрып: «Менің алтыншы баламды босанғаным жақында үш жыл болады, күміс алқаға құжаттарымды сол бойда тапсырғанмын. Бірақ әлі келген жоқ, қазір жетінші балама аяғым ауыр, бұл берілетін зат па, жоқ па?» деп айқайға басса болар ма!..

Көбекең де саспады, құжаттардың уақытында жоғарыға жіберілгенін айта келіп: «Айналайын, Үкімет беремін дегенін береді, бір реттері болмай жатқан шығар. Сен өндірісті тоқтатпа» деп, залды ду күлдіргені бар. Әліп айқайлап тұрған әйел де шыдай алмай күліп жіберіп, орнына отыра кетті.

БОТАНИКАНЫ ДА ОҚЫТАДЫ МА?

2000 жылдардың ішінде аудан орталығынан сегіз шақырым жердегі Шұбарқұдық кәсіпшілігінде 60 орындық типтік үлгідегі ауданаралық туберкулез ауруханасы, 2010 жылдан кейін аудан орталығында типтік үлгідегі емхана пайдалануға берілді. Аудандық аурухананың бас дәрігері Балбосын Ерсайын еді де, туберкулез ауруханасының бас дәрігері Қаналиев Нұрлан болатын. Екеуі де бірнеше жылдың ішінде ауруханалардың айналасына әр түрлі ағаш егіп, науқастарға демалатын көлеңкелер салып, гүлзар жасап, жайнатты қойды.

Бір күні ауруханалардың жанынан өтіп бара жатып аудан әкімі Б. Қаниев: «Осы медицинада ботаниканы да оқытады-ау деймін. Мына екеуінің өсірмейтін өсімдігі жоқ» деген екен...

МЫНА МҰРЫҢҒА ТЕМЕКІ ШАҚ КЕЛЕ МЕ?

Аудандық газеттің редакторы Меңдіхан Әділханұлы сексенінші жылдардың ортасында, мұрынды келген құрдасы Өткелбаймен кездесіп, амандық-саулық сұрасып, әңгімелесіп тұрып, темекі сұрапты. Өткелбай: «Мәке, мен темекіні тастадым ғой, қазір тартпаймын» десе, Мәкең: «Ой, ана мұрынды қор қылып жүр екенсің ғой» депті. Сонда Өткелбай: «Мәке, сен ана кішкентай мұрыңа темекі таба алмай, менен сұрап жүрсің, менің мына мұрыма темекі шақ келе ме?» деген екен...

(Жалғасы бар)

Жинаған Нұрмұхан ӨТЕПОВ,
еңбек ардагері.

Темір

Аудандық «Темір» газеті ЖШС.
Мекен-жайы 030800, ҚР Ақтөбе облысы,
Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Байғанин көшесі, 11.

Редактор Бердихан АДІЛХАНОВ

телефоны 871346 (49-0-11)
тілшілер 2-24-72

Меншік иесі:
Аудандық «Темір» газеті ЖШС

Директор Меңдіхан ӘДІЛХАНҰЛЫ

Газет Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2012 жылдың 2-тамызында тіркеліп, №12894-Г күәлігі берілген.

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді

Газеттегі кейбір суреттер галамтордан алынды.